

«Растишка» балабақшасы

«Растишка» - үлгілі балабақша

Тәуелсіздік алған жылдары балабақшаға деген сұраныс бүгінгідей жоғары деңгейде болмады. Себебі жұмыссыздық көбейіп, қиын-қыстау шақтарда нәзік жандылардың көбі үйде бала тәрбиесімен айналысты. Ал қазіргі уақытта жас отбасылар бір жерде ғана емес, бірнеше жерде жұмыс істеп, тұрмысын тіктеуге тырысады. Өйткені, нарық заманының талабы сондай. Сондықтан халық тығыз шоғырланған қаламен бірге ауылдарда да балабақшаға деген сұраныс әлдеқайда жоғары. Сонымен бірге мемлекеттің басты бағыты – балалардың қауіпсіздігі және оларға қолайлы әрі сапалы жағдай жасау екені белгілі.

Білімді ұрпақ тәрбиелеу тек ата-ананың не ұстаздың ғана міндеті емес, ол тұтастай қоғамның алдындағы үлкен парыз. Ұрпақ тәрбиелей отырып, болашақты жарық етеміз. Бұл ретте баланың алғашқы тәрбиеленетін, әріп танып, оңы мен солын үйренетін ортасының мықты болуы керек. Сондықтан да баласының болашағына алаңдайтын әрбір ата-ана заманауи тәрбие беретін балабақша іздейді. Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласындағы «Растишка» балабақшасы қаладағы үлгілі балалар тәрбиелейтін орнының бірі деуге болады. Балабақша 2017 жылдан бастап жұмыс жасайды. Онда 141 бала 6 топта тәрбиеленеді. Оқу-тәрбие жұмыстары мемлекеттік тілде жүргізіледі, балаларға тәлім-тәрбие беру мекеніне айналған балабақшаның ұжымы да үлкен мақтауға лайықты.

Балабақшада тәрбие мен білім беру жұмыстары баланың жас ерекшелігіне, күн режиміне



«Растишка» балабақшасының меңгерушісі
Утенова Адеми Рамазанқызы

сәйкес жасалған бағдарламалар арқылы жүзеге асырылады. Тәрбие жұмыстарын арнайы мамандықтары бар тәрбиешілер жүргізеді. Балабақшадағы балалар 2 жастан 3 жасқа дейін бөбектер тобына, 3 жастан 4 жасқа дейін орта жас тобына, 4 жастан 5 жасқа дейін ересек тобына, 5жастан 6 жасқа дейін мектепалды даярлық топтарына бөлінеді. Балабақша жартылай мемлекеттік және жартылай жеке негізде жұмыс жасайды.

«Растишка» балабақшасы заманауи технологиялық және ойын жабдықтарымен жабдықталған, сапалы балалар жиһазы мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелерін жан-жақты шешуге мүмкіндік береді. Балабақша ұжымы 2020 жылы «Үздік балабақша 2020», 2021 жылы «Ең үздік ұжым» кубогы, 2022 жылы «Үздік білім беру ұйымы» марапатын иеленді.

Балабақша басшысы әрі меңгерушісі - Утенова Адеми Рамазанқызы білімі жоғары, филология магистрі. Мектепке дейінгі мекеме балаларына үздіксіз тәрбие мен білім беру келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілері. Осыған орай мектепке дейінгі мекемелердің тәжірибесіне оқыту мен тәрбиелеудің әртүрлі технологиялары енгізілуде. Мәселен, ынтымақтастық педагогикасы, білім беруді ізгілендіру, ойын арқылы оқыту, түсіндіре басқарып оқыту, өздігінен оқыту, сын тұрғысынан ойлауды дамыту, оқытудың компьютерлік технологиясы, психологиялық, педагогикалық әдістемелік білімді, педагогикалық шеберлікті, балалардың жан-дүниесіне терең үңіліп оны ұғына білуді талап етеді.

–Бала тәрбиелеу оңай шаруа емес. Бұл салаға келетін адам жан-жақты ойланып, балалармен тіл табыса алатындай маман болуы керек. Жалпы білікті маман балаға өзінің үйретететін тәлімі





мен тәрбиесін жаңартып, жаңғыртып ізденістен қол үзбегені дұрыс. Балабақша ұжымы үлгілік бағдарлама бойынша жұмыс істейді. Таңертеңнен кешке дейін баланы ойын арқылы тәрбиелеуге көңіл бөлінеді. Себебі, балабақша мектепке ұқсап кетпеуі керек. Қазіргі оқу бағдарламасында балаларды ойын арқылы тәрбиелеуге басымдық берілді. Тәрбиеші әр балаға жеке көңіл бөліп, оның табиғат берген дарынын ашуға тырысады. Әр бала өзінше қабілетті. Бірі - сурет салуға, екіншісі - анық сөйлеуге бейім болса, үшіншісінің ойы жүйрік болуы мүмкін. Бұл ретте тәрбиешілер ата-аналармен ұдайы кеңесіп отырады. Баланың ата-анасына баланың қай бағытқа бейім екенін айтып отырады. Тәрбиешілердің жауапкершілігі өте зор. Олар баламен ақылдасады, сырласады. Балалар тәрбиешілеріне жақын, жақсы көреді. Әрдайым балабақшаға асығып келіп, қимай қоштасып қайтып жатады. Мектепке тәрбиелі ғана емес, жан-жақты білімді бала тәрбиелеп жіберу балабақша ұжымының басты міндеті, - дейді Адеми Рамазанқызы.

«Қазіргі заман талабына сай, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психология қалыптасқан, имандылық әдебі, парасаты бар ұрпақ тәрбиелеу, өсіру, білім беру бүгінгі таңда отбасының, балабақшаның, барша елдің, халықтың міндеті» дегендей бақшада балалардың дамуы үшін барлық жағдайлар жасалған. Ұжым қызметкерлері «Бала тәрбиесі - балабақшадан бастау алады» дегенді әрдайым естен шығармай, балаға тәрбие беруде ізденіп, ерен еңбек етіп келеді.









Мектепке дейінгі ұйымның ұжымы мен тәрбиеленушілері үнемі халықаралық, облыстық және қалалық байқауларға белсенді түрде қатысады. Балабақшада психолог кабинеті, логопункт, әдістемелік кабинет, медициналық кабинет және изолятор жұмыс істейді. Сондай-ақ, ән-күй мен дене шынықтыру залы бар.

Білім беру балабақша табалдырығынан басталады. Барлық білімнің бастауы – балабақшада. Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие мен білім саласында заманауи педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымның біріне айналды. Ендеше мектепке дейінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі өскелең ұрпақты оқыту мен тәрбие беру үрдісіне заманауи әдістерін енгізу. Әрине, бұл үшін мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың заманауи инновациялық технологияларды қолдана білу сауаттылығына да байланысты.

Тәрбие мен білімді егіз дейміз. Бұл ретте мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігі болып отырғаны белгілі. Егемен еліміздің талабына сай мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру, қазіргі заманға сай білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу – білімді, жан-жақты тәрбиешілердің еншісінде. Уақыт өткен сайын әдіс-тәсілдер көбейіп, жаңарып, толығып отыруы да заңдылық. Балалардың тілін дамытуда, сабақты қызықты үйрету үшін жаңа әдістер мен технологияларды тәжірибелерінде қолдануға ұжым болып ізденеді. Жаңа технологияны, әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану үздіксіз тәрбие беру мен білім сапасын арттырады.

Жаңа заман баласы – ертеңгі ел болашағы. Жаңа заман баласын қалыптастырып, дамыту үшін тұлғаның ішкі дүниесі мен оның қыр-сырын анықтап, мүмкіншіліктері мен қабілетінің дамуына жағдай жасау қажет. Балабақшада балаларға үздіксіз білім беруде барлық жағдай қарастырылған. Балалардың жеке басының қалыптасуы мен дамуына педагогтардың педагогикалық технологияларды қолдана білу сауаттылығы өте жоғары.

Иә, балабақша – барлық тәрбие мен білімнің ең алғашқы баспалдағы. Мұндағы тәрбие мен білім балалардың табиғи мінезін, қабілетін ерте жастан дамытады. Бала – болашағымыз, бала – қуанышымыз. Ендеше мектепке дейінгі үздіксіз тәрбиемен, біліммен қамту - балабақшаның басты мақсаты.

Үлгілі балабақша ұжымының жұмысына тек қана сәттілік тілейміз!